| 141. | Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобына ұсыныстар енгізу | Жұмыс тобына ұсыныстар енгізу | Әділетмині, МАМ, ЭБЖМ, ІІМ, ОСК, ЕК, ЖС, БП | Жұмыс тобының кестесіне сәйкес |
| 142. | "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | МАМ | 2007 жылғы желтоқсан |
| 143. | "Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 154 Жарлығын іске асыру барысын ауқымды ақпараттық-насихаттық | МАМ бұйрығы | МАМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | Жыл сайын, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сүйемелдеуді ұйымдастыру және жүргізу жөнінде медиа-жоспар әзірлеу | | | 2007-2009 жж. |
| 144. | Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын кезең-кезеңімен жаңғырту жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу | Президент Жарлығы-ның жобасы | МАМ | 2007 жылғы желтоқсан |
| 145. | Конституциялық құрылыстың қазақстандық тәжірибесін ел ішінде де, шетелде де, оның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысуымен конференциялар, "дөңгелек үстелдер" отырыстарын өткізе отырып насихаттау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру | Президент Әкімшілі-гіне ақпарат | КК, СІМ, МАМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | 2007-2009 жж. |
| 146. | Тиісті кеңестер және идеологиялық активтер, ғылыми-практикалық конференциялар мен "дөңгелек үстелдер" отырыстарын өткізуді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын республикалық және өңірлік деңгейде, сондай-ақ шетелде насихаттау, түсіндіру және жылжыту, барлық деңгейдегі ақпараттық-насихат топтарының жұмысын олардың барлық елді мекендерді қамтуын қамтамасыз ете отырып ұйымдастыру жөніндегі ұйымдық-практикалық іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру | Президент Әкімшілі-гіне ақпарат | МАМ, СІМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | Тоқсан сайын |
| | **Жиырма төртінші бағыт - әкімшілік реформаны іске асыру және атқарушы билік органдарын жаңғырту** | | | |
| | "Қазақстан | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 147. | Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 273 Жарлығына сәйкес әкімшілік реформаны іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру | Президент Әкімшілі-гіне ақпарат | ЭБЖМ | Жыл сайын, қаңтар |
| 148. | Республикалық және жергілікті деңгейде көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетулер тізілімін бекіту | Норматив-тік құқықтық актілер | МҚА, ЭБЖМ | 2007 жылғы маусым |
| 149. | "Электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижелеріне талдау жүргізу | Президент Әкімшілі-гіне ақпарат | АБА, орталық мемлекеттік органдар | 2008 жылғы қаңтар |
| 150. | "Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және бекіту | Президент Жарлығы-ның жобасы | АБА, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, "Атамекен" ЖКЖО (келісім бойынша) | 2007 жылғы қазан |
| 151. | Жергілікті атқарушы органдардың электрондық қызмет көрсетулерін (е-әкімдіктер) ұйымдастыру, электрондық қызметтерге қоғамдық қолжетімділігі пункттерінің желісін және компьютерлік сауаттылыққа оқыту орталықтарын құру | Президент Әкімшілі-гіне ақпарат | АБА, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері | 2007 жылғы желтоқсан |
| | Қазақстан Республикасы Президентінің | Президент | МҚА, ЭБЖМ, | 2008 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 152. | жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында ұлттық басқару мектебін құру | Жарлығының жобасы | Қаржымині, ТСМ | жылғы қараша |
| 153. | Мәслихаттардың тексеру комиссияларын нығайту | Президент Әкімшілігіне және Үкіметке ақпарат | ЕК | 2008 жылғы желтоқсан |
| | **Жиырма бесінші бағыт - қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі нығайту үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін арттыру** | | | |
| 154. | Қазақстан халықтары Ассамблеясының беделін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | МАМ, БҒМ | 2007 жылғы маусым |
| | **Жиырма алтыншы бағыт - Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үштұғырлы тіл саясаты** | | | |
| 155. | Тарихи-мәдени мұраны жаңғырту және зерделеу жөніндегі, оның ішінде Қазақстан халықтарының рухани даму қорын құру мәселесі жөніндегі шаралар кешенін қабылдау | Үкімет қаулысы | МАМ | 2007 жылғы желтоқсан |
| 156. | "Тілдердің үштұғырлығы" мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізу | Президент Жарлығының жобасы | МАМ, БҒМ | 2007 жылғы қазан |
| | **Жиырма жетінші бағыт - құқық қолдану іс-тәжірибесін жетілдіру және құқық тәртібін нығайту** | | | |
| 157. | "Заңсыз жолмен алынған кірістерді жария етуге (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау | Заң | БП | 2007 жылғы желтоқсан |
| | Құқық тәртібін қамтамасыз ету саласындағы ұйымдық және заңнамалық | Президент Жарлығы- | БП, ІІМ, ЭСЖКА, | 2007 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 158. | шараларды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Мемлекет басшысы Жарлығының жобасын әзірлеу | ның жобасы | Қаржымині, Әділетмині | жылғы қазан |
| 159. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Заң | ІІМ, БҒМ, ДСМ, МАМ, БП | 2009 жылғы мамыр |
| 160. | Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестің жаңа нысандары мен әдістерін әзірлеу, есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлерін осы заманғы жедел-криминалистика техникасын қолдануға оқыту | Президент Әкімшілі-гіне ақпарат | ІІМ | 2007 жылғы желтоқсан |
| 161. | 2000 жылғы 13 қаңтардағы БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын ратификациялау | Заң | ІІМ, ҰҚК, ЭСЖКА, БП | 2008 жылғы мамыр |
| 162. | Халықпен өзара іс-қимылдың әлеуметтік бағдарланған әдістеріне негізделген, азаматтардың құқық қорғау органдарына сенімін нығайтуға бағытталған алдын алу қызметінде тұжырымдық жаңа тәсілдер әзірлеу және қолдану | Президент Әкімшілі-гіне ақпарат | ІІМ, БП, мүдделі мемлекеттік органдар | Жыл сайын, желток-сан, 2007-2009 жж. |
| | Орталық Азия мемлекеттерінің құқық қорғау органдарымен | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 163. | және арнаулы қызметтерімен ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне және заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласында өзара іс-қимылдың тиімді нысандары мен әдістерін енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ІІМ, ҰҚК, Қорғанысмині, ТЖМ, СІМ, МҚА, ЭСЖКА | 2007 жылғы шілде | |
| | **VI. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ӨҢІРЛІК ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ** | | | | |
| | **Жиырма сегізінші бағыт - Қазақстанның жаңа халықаралық жауапкершілігі, көп бағытты сыртқы саясатты дамыту және жаһандық қатерлерге қарсы күреске қатысу** | | | | |
| 164. | Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен, Америка Құрама Штаттарымен, Еуропалық Одақ елдерімен сауда-экономикалық, инвестициялық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты тереңдету, сондай-ақ ядролық таралмау және ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі бизнесіне, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл және энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріндегі өзара іс-қимылды кеңейту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | СІМ, БҒМ, ЭМРМ, ИСМ, АБА, ККМ, Қаржымині, МАМ, ІІМ, Еңбекмині, ҰҚК, "Сырбар" СБҚ, ЭСЖКА | Жыл сайын, желтоқсан | |
| 165. | БҰҰ-мен және ЕҚЫҰ-мен қазіргі уақыттың проблемалары мен қатерлерін шешу жөніндегі ынтымақтастықты нығайту, Қазақстан өкілдерінің халықаралық ұйымдар желісі бойынша | Президент Әкімшілігіне ақпарат | СІМ, ІІМ, ҰҚК, "Сырбар" СБҚ, МАМ, ЭСЖКА | Жыл | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | іс-шараларға белсенді қатысуы | | | сайын, желтоқсан |
| 166. | Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия елдерімен бассейндік қағидаттың негізінде орнықты дамудың трансшекаралық аймақтарын құру жөніндегі қажетті шарт-құқықтық база әзірлеу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Қоршағанор-тамині, АШМ, ИСМ, СІМ | Жыл сайын, желтоқсан |
| | **Жиырма тоғызыншы бағыт - Қазақстанның өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі, Орталық Азия елдерінің экономикалық ықпалдастығын дамыту мен Каспий және Қара теңіз аймағындағы серпінді нарықты қалыптастырудағы белсенді ролі** | | | |
| 167. | Орталық Азия мемлекеттерімен, Азия мен Таяу Шығыс өңірлеріндегі, оның ішінде ЕурАзЭҚ, АӨСШК, ШЫҰ сияқты өңірлік құрылымдарды нығайту жөніндегі ынтымақтастықты жандандыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | СІМ, ИСМ, ҰҚК, "Сырбар" СБҚ, ЭМРМ, АШМ, МАМ, АҚОҚРА, ЭСЖКА | Жыл сайын, желтоқсан |
| 168. | Өңірде барынша қолайлы іскерлік ахуалды дамыту туралы, оның ішінде шетелдік қаржы институттары мен отандық компанияларды тарта отырып, Орталық Азия мемлекеттеріндегі жобаларды іске асыру мәселелерінде күш-жігерді үйлестіру туралы, сондай-ақ жұмыс күші қозғалысының арнайы режимін енгізу туралы келіссөздер жүргізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ИСМ, СІМ, Еңбекмині, Қаржымині, ЭБЖМ, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Самұрық" холдингі" АҚ | Жыл сайын, желтоқсан |
| | **Отызыншы бағыт - Қазақстанның " өркениеттердің үндесуін " дамытудағы мәдениетаралық және конфессияаралық орталық ретіндегі тұғырын бекемдеу** | | | |
| | Мәдениетаралық және конфессияаралық үндесудің маңызды | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 169. | халықаралық орталықтарының бірі ретінде Қазақстанды дамыту, оның ішінде Мемлекет басшысының "Мұсылман әлемі - Батыс" бастамасын іске асыру | Президент Әкімшілі-гіне ақпарат | СІМ, МАМ, Әділетмині | Жыл сайын, желтоқсан |

**Ескертпелер:**

1. "Жауапты орындаушылар" бағанында бірінші көрсетілген мемлекеттік органдардың басшылары тұтастай Жалпыұлттық жоспардың тиісті негізгі бағыттары ( іс-шаралары) бойынша жауап береді.

2. Заң жобалары бойынша: Жалпыұлттық жоспарда айқындалған мерзімде "Заң" деген аяқтау нысаны заңды Парламенттің қабылдауын; "Заң жобасы" деген аяқтау нысаны заң жобасын Парламенттің қарауына енгізуді білдіреді.

3. Президент жарлықтарының жобалары бойынша: Жалпыұлттық жоспарда айқындалған мерзімде "Президент Жарлығы" деген аяқтау нысаны Президент Жарлығын қабылдауды; "Президент Жарлығының жобасы" деген аяқтау нысаны Президент Жарлығының жобасын Президент Әкімшілігіне қарауға енгізуді білдіреді.

4. Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ЭМРМ- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

ҚНРА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

АҚОҚРА - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

"Самұрық" холдингі" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы

"Қазына" ОДҚ" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы

"ҚазАгро" ҰХ" АҚ - "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы

"Ғылым қоры" АҚ - "Ғылым қоры" акционерлік қоғамы

"ҚМГ" ҰК" АҚ - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

"Атамекен" КЖЖО - "Атамекен" кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағы

ҚҚҚ - Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

ЭСЖКА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ОСК - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

ЕК - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

РҰ - Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы

КК - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

"Сырбар" СБҚ" - Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310
Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы

Астана, 2007 жыл

## 1. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған қызметі ел Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында баяндалған Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іс жүзінде іске асыруға бағытталатын болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі бағдарламасының басым бағыттары ел Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы " Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында " (Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы) және 2007 жылғы 28 ақпандағы "Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына жолдауларының, Қазақстан Республикасының 2007 -2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасының негізінде қалыптастырылды.

## 2. 2006 жылдың қорытындыларын және экономиканы дамыту үрдістерін талдау

2006 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі отандық экономиканың тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыз етуге, халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыруға, экономикалық қауіпсіздікті нығайтуға, елдің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жұмысты жалғастырды.

2006 жылы өткен жылдардағы сияқты экономика өсуінің жеткілікті түрде жоғары қарқыны сақталды. Бұл ретте 2006 жылы экономика 2005 жылға қарағанда неғұрлым жедел қарқынмен дамыды.

2005 жылы экономика өсуінің қарқыны нақты мәнде 9,7 %-ті құрады. 2006 жылы ЖІӨ-нің көлемі 9,7 трлн-нан астам теңгеге жетті, ал нақты өсім болжамды мәннен 2,1 проценттік пунктке артып, 2005 жылдың деңгейіне қарағанда 110,6 %-ті құрады. Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері 2006 жылдың қорытындылары бойынша 5046 АҚШ долларын құрады, бұл 2005 жылдың көрсеткішінен 1,3 есеге жоғары.

Нақты жағдай Қазақстанның 2010 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарында қойылған ЖІӨ-ні 2000 жылдың деңгейіне қарағанда екі еселеу жөніндегі міндет 2008 жылдан кешіктірмей орындалатын болады.

Өнеркәсіптік өндірісі көлемінің өсімі 2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 7 %-ті, өңдеуші өнеркәсіпте - 7,3 %-ті, тау-кен өнеркәсібінде - 7 %-ті құрады. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемінің өсімі 2006 жылы өткен жылмен салыстырғанда 7 %-ті құрады. Көлік қызметтері 5 %-ке, байланыс қызметтері 20,4 %-ке , құрылыс жұмыстарының көлемі 20,1 %-ке ұлғайды. Негізгі капиталға инвестициялардың көлемі 10,6 %-ке ұлғайды.

Сыртқы сауда айналымы 2006 жылы 37 %-ке, оның ішінде экспорттың көлемі 37,3 %-ке, импорт 36,4 %-ке өсті.

Еңбек нарығында халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін және жалақы деңгейін одан әрі арттыру байқалды. Жұмыссыздардың саны 2,4 %-ке азайды. Жұмыссыздық деңгейі 2005 жылмен салыстырғанда 0,3 проценттік пунктке азайды және 7,8 %-ті құрады. Халықтың нақты ақшалай кірістері 10,7 %-ке өсті. Орташа айлық жалақы экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша 2006 жылы 40775 теңгеге жетті және нақты мәнде 10,2 %-ке ұлғайды.

Қаржы нарығы экономиканың ең серпінді дамып келе жатқан секторларының бірі болып табылды. Ел экономикасына тартылған кредиттердің көлемі 2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 82,7 %-ке ұлғайды және 4,7 трлн. теңгені құрады. Резиденттердің екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерінің жалпы көлемі 2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 88,4 %-ке - 3,1 трлн. теңгеге дейін ұлғайды.

2006 жылы инфляциялық әлеуеттің ұлғаюын болдырмау және экономиканың"қызып кету"қаупін төмендету үшін ақша-кредит саясатын қатаңдату жөнінде шаралар қабылданды. Есепті кезеңде қайта қаржыландырудың ресми ставкасы екі рет: 2006 жылғы 1 сәуірден бастап - 8,0%-тен 8,5%-ке дейін, 1 шілдеден бастап 9,0% -ке дейін арттырылды. Екінші деңгейдегі банктерден тартылатын депозиттер бойынша ставкалар 3,5%-тен 4,5%-ке дейін кезең-кезеңімен ұлғайды. Қысқа мерзімді ноталар бойынша кірістілік 2005 жылдың аяғындағы 2,24 %-тен 2006 жылдың аяғында 4,76 %-ке дейін өсті.

Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, 2006 жылы инфляция деңгейі 2005 жылдың орташа жылдық көрсеткішінен 1 проценттік пунктке (7,6 %) және 2006 жылға жоспарланған шаманың жоғары шегінен 6,9 - 8,5 % дәлізінен 0,1 проценттік пункт артып, айтарлықтай жоғары деңгейде - 8,6 % болып қалыптасты.

Теңгенің АҚШ долларына орташа өлшемді биржалық айырбас бағамы бір жылда номиналды мәнде 5,06 %-ке нығайып, 2006 жылы орта есеппен 1 АҚШ долларына 126 теңгені құрады.

Бағалы қағаздар нарығын дамыту, оны халықаралық капитал нарығымен кіріктіруді қамтамасыз ету, елдің экономикасына инвестициялар тарту мақсатында Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы, сондай-ақ оның қызметін реттейтін Агенттік құрылды.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан бастап 74,5%-ке ұлғайып, 2006 жылғы 31 желтоқсанда 14,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Алтын-валюта резервтерінің көлемі оларды есепке алғанда 33 млрд-тан астам АҚШ долларына жетті.

Зейнетақы жинақтарының көлемі 2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 40,3%-ке ұлғайды және 909,7 млрд. теңгені құрады.

2006 жылдың ішінде мемлекеттік бюджетке түсетін кірістер түсімінің жоспарын тұрақты түрде асыра орындау байқалды. Мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер

жоспардан 6,5%-ке артып, 2,54 трлн. теңгені құрады, шығыстар 2,39 трлн. теңге сомасына немесе жоспардың 98,6%-іне жүргізілді. Жоспарланған 136,4 млрд. теңге тапшылық кезінде іс жүзінде 81,6 млрд. теңге сомасында профицит қалыптасты.

Тұтастай алғанда Қазақстан экономикасының перспективаға серпінді және қарышты дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін оң алғышарттар байқалды.

## 3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық мақсаты

Үкімет қызметінің орта мерзімді кезеңдегі стратегиялық мақсаты орнықты даму принциптерінің негізінде елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Үкімет күш-жігерді Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін және оның азаматтарының өмір сүру сапасын арттыру үшін қолайлы институционалдық және экономикалық жағдай жасауға барынша бағыттайды.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасының мынадай басым бағыттары белгіленген.

## 4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасының басым бағыттары

### 4.1. Мемлекеттік жоспарлау

**Мақсаты**

Мемлекеттік жоспарлаудың стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым міндеттерін іске асыруға бағдарланған тұтас және тиімді жүйесін қалыптастыру.

**Міндеттері**

1. Мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдаудағы дербестігін және олардың түпкілікті нәтижелерге (мақсатты индикаторлар) қол жеткізуге жауапкершілігін арттыруға бағытталған бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге және ұстауға жаңа тәсілдерді көздейтін мемлекеттік жоспарлау жүйесін әзірлеу және енгізу.

2. Мемлекеттік жоспарлаудың қисынды жігін құру: мемлекеттік мақсаттар - мемлекеттік органдардың стратегиялық мақсаттары - тактикалық міндеттер - іс-шаралар - ресурстар - бюджет.

3. Мемлекеттік органдар қызметінің және олардың бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығын және қоғамның бақылауында болуын қамтамасыз ету.

4. Мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру бөлігінде мемлекеттік статистика жүйесін жетілдіру.

**Шешу жолдары**

Үкімет экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің сапалы жаңа деңгейіне және экспорттық мүмкіндіктеріне қол жеткізу стратегиясын әзірлейді және бәсекеге қабілеттілік пен экспорт жөніндегі ұлттық кеңес құрады.

Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі әзірленетін және енгізілетін болады.

Бұл әрбір мемлекеттік органның өзінің дамуының стратегиялық жоспарын (5 жылға арналған) және оның негізінде мемлекеттік органдардың мақсатты бағдарламаларын, операциялық (жылдық) жоспарларын әзірлеуін көздейді. Үкімет пен мемлекеттік органдардың басшылары арасында нысаналы индикаторларды белгілей отырып, үш жылдық кезеңге арналған меморандум жасалатын болады. Жыл сайын мемлекеттік органдардың қызметі туралы есептер жарияланатын болады. Өңірлерде осыған ұқсас жүйе енгізілетін болады.

Мемлекеттік жоспарлауға жаңа тәсілдер енгізу кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады. 2007-2008 жылдары олар екі-үш пилоттық мемлекеттік органдарда және екі пилоттық өңірде енгізілетін болады. 2009 жылдан бастап барлық мемлекеттік органдар мен өңірлердің мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне көшуі жоспарланып отыр.

Жоспарлаудың жаңа жүйесін іс жүзінде іске асыру үшін тиісті нормативтік құқықтық база жасалатын болады.

Мемлекеттік жоспарлаудың қисынды жігін құру үшін мыналар жүзеге асырылатын болады:

мемлекеттік органдардың дербестігі мен қызметтің нәтижелеріне жауапкершілігін күшейтетін Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық саясатын іске асырудың негізгі құралы ретінде мемлекеттік органдарда стратегиялық жоспарлау жүйесіне көшу;

мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары міндеттерінің бюджеттік бағдарламалармен, ал жоспарлардың міндеттерін шешуге бағытталған іс-шаралардың бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламаларымен, мемлекеттік органдар қызметінің аралық және түпкілікті нәтижелерін бағалаудың сандық және сапалық көрсеткіштерінің жүйесін әзірлеумен байланысуы;

мемлекеттік орган қызметінің жоспарланған жылға арналған жоспары туралы баяндамасын стратегиялық жоспарлардың негізінде қалыптасқан және мемлекеттік органдардың стратегиялық мақсаттарын болжамды шығындармен байланыстыратын бюджеттік өтінімнің құрамдас бөлігі ретінде практикаға енгізу;

мемлекеттік органдардың жоспарларын әзірлеу және іске асыру кезінде, мемлекеттік жоспарлауға жаңа тәсілдер енгізуді ескере отырып, олардың дербестігі мен жауапкершілігін күшейту;

мемлекеттік органдардың нақты стратегиялық нысаналы индикаторлар жүйесін әзірлеуі;

мемлекеттік стратегиялық мақсаттар мен тиісті түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мониторингінің жүйесін енгізу.

Мемлекеттік жоспарлаудың Жаңа жүйесіне көшкенге дейін қолданыстағы бағдарламалық құжаттарды біріктіру, қысқарту және жекелеген міндеттерді шешуді

мемлекеттік органдардың деңгейіне беру жолымен оларды оңтайландыру жүргізілетін болады.

Мемлекеттік органдар қызметінің және олардың бюджет қаражатын пайдалануының ашықтығын және қоғамның бақылауында болуын қамтамасыз ету үшін мыналар жүзеге асырылатын болады:

мемлекеттік органдар қызметін және олар іске асыратын бағдарламаларды үкіметтік емес ұйымдар (қоғамдық бірлестіктер) мен халықтың мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы туралы пікірлерін ескере, осы бағалау нәтижелерін міндетті түрде жариялай және мемлекеттік органдардың алдағы жұмысын жақсарту үшін ұсынымдар әзірлей отырып, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мәніне бағалау институтын енгізу;

бюджеттік бағдарламаларды іске асыру нәтижелеріне, олардың ашықтығына және бақылануына уақтылы қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерін жетілдіру;

мемлекеттік жоспарлау және оны іске асыру сатысында еңбек өнімділігін арттыру үшін бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару рәсімдерін ықпалдастыру мақсатында қолданыстағы ақпараттық жүйелерді оңтайландыру және жаңғырту.

Мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру бөлігінде мемлекеттік статистика жүйесін жетілдіру үшін мемлекеттік органдардың стратегиялық және операциялық (жылдық) жоспарларын, олардың нысаналы бағдарламаларын орындау процесінде нысаналы индикаторлар жетістіктеріне статистикалық қадағалауларға негізделген мемлекеттік статистикалық есептілік енгізілетін болады.

**Нәтижелері**

Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу.

**4.2. Мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізу тиімділігін арттыру**

**4.2.1. Фискалдық саясат мақсаты**

Ел экономикасының өнімділігі мен оны әртараптандыруды арттыру, әлеуметтік-экономикалық дамудың басым міндеттерін шешу мақсатында салық-бюджет саясатының тетіктерін жетілдіру.

**Міндеттері**

1. Салық-бюджет жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету, фискалдық тәртіпті арттыру, мемлекеттік шығыстардың қалыпты қатаң саясатын жүргізу және ұлттық қордың активтерін тиімді басқаруды жүзеге асыру.

2. Экономикаға салық жүктемесін оңтайландыруға, салықтық рәсімдерді оңайлатуға және олардың ашықтығын арттыруға бағытталған салық саясатын жүргізу жолымен шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың іскерлік белсенділігінің өсуін ынталандыру.

3. Бюджет қаражатының мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі міндеттерін шешуге жұмсалуын қамтамасыз ету.

**Шешу жолдары**

Салық-бюджет жүйесінің макроэкономикалық тұрақтылығын және орнықтылығын қолдау үшін мыналар көзделеді:

орта мерзімді кезеңде экономика өсімінің номиналды қарқынынан аспайтын мемлекеттік бюджет шығыстары өсімінің номиналды қарқынын қамтамасыз ету;

бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығын бірте-бірте төмендету;

Ұлттық қордың активтерін басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған қаражатын қалыптастыру мен пайдалану тетігін жетілдіру;

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз бен борышты, мемлекеттің кепілгерліктерін тиімді басқару, оның ішінде сыртқы қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу, бюджет тапшылығын қаржыландыру құрылымында сырттан қарыз алу үлесін азайтудың жолымен мемлекеттік борыш құрылымын оңтайландыру.

Салық салудың қолданыстағы жүйесін талдау мен бағалау және әлемдік тәжірибе негізінде елдегі іскерлік белсенділіктің өсуін ынталандыру мақсатында мыналар көзделеді:

орта мерзімді кезеңде салық ауыртпалығын заңды тұлғалардың кірістерінен жеке тұлғалардың кірістеріне халықтың әлеуметтік осал топтарына жүктеме деңгейін арттырмастан кезең-кезеңімен қайта бөлу бойынша салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

кедендік және салық әкімшілігін жүргізу;

салық және кедендік рәсімдерді одан әрі оңайлату және олардың ашықтығын арттыру;

2008 жылдан бастап экономиканың шикізаттық емес секторында шағын және орта бизнестің жобалары бойынша инвестициялық салықтық преференциялар алудың хабарлау жүйесін енгізу.

Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын тиімді шешуге арналған бюджет шығыстарын бағдарлау үшін мыналар көзделеді:

стратегиялық, орта мерзімді және бюджеттік жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін ықпалдастыру;

бюджетті жоспарлау және атқару процесін бюджеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелілігіне, тиімсіз шығындарды қысқартуға бағдарлау;

бюджетті қалыптастыру мен атқару процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттік тәртіпті сақтау бойынша қойылатын талаптарды күшейту;

бюджет ақшасын (қолма-қол ақшаны) басқарудың сапасын арттыру.

**Нәтижелері**

Салық-бюджет саясаты тетіктерінің, бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру, мемлекеттің қаржылық міндеттемелерін толық орындау.

**4.2.2. Инфляцияға қарсы саясат және қаржы секторын дамыту**

**Мақсаты**

Ырықтандыру жағдайында баға тұрақтылығын, қаржы секторының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

**Міндеттері**

1. Инфляцияның деңгейін берілген параметрлерде ұстап тұру.

2. Қазақстанның қаржы секторын нығайту, оның орнықтылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кәсіпорындар мен халықтың қаржы секторының қызметтерімен қамтылуын кеңейту, оның жекелеген сегменттерін одан әрі дамыту.

3. Қазақстан Республикасының ТМД мен Орталық Азия өңірі шеңберінде қаржы ағындарын тиімді қайта бөлуді қамтамасыз ететін өңірдің негізгі қаржы орталығы ретінде қалыптасуы.

**Шешу жолдары**

Инфляцияның деңгейін берілген параметрлерде ұстап тұру Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің бірлескен іс-қимылдарымен жүзеге асырылатын болады.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық Банк өзінің негізгі мақсатын орындауға бағытталған мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүргізетін болады. Атап айтқанда, бұл ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялық негізін одан әрі жетілдіруді, банк жүйесінің шамадан тыс өтімділігі проблемасының өткірлігі сақталған жағдайда ақша-кредит саясатын қатайтуды болжайды.

Үкімет, өз кезегінде, Ұлттық Банк қызметінің негізгі мақсатын орындауға оның ішінде мынадай бағыттар бойынша жәрдем көрсететін болады:

көбінесе өндірістің тиімділігін арттыру және еңбек өнімділігін өсіру есебінен экономиканың өсуін ынталандыру;

өлшемдері ақша-кредит саясатымен келісілетін біркелкі қатаң фискалдық саясат жүргізу;

шикізат ресурстарына жоғары баға кезеңінде ұлттық қорда қаражатты жинақтау саясатын жүргізу;

орта мерзімді тарифтік жоспарлар шеңберінде табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлары мен қызметтер көрсетуіне бағаны реттеу;

үстем (монополиялық) жағдайға ие субъектілердің тауарлары мен қызметтер көрсетуіне баға белгілеуді бақылау;

баға жөнінде сөз байласу фактілерін, теріс пиғылды бәсекелестікті анықтау және жолын кесу;

бәсекелі ортаны, бәсекелі ішкі нарықтарды дамыту үшін жағдай жасау;

биржалық сауданың қалыптасуы және оны дамыту;

сауда инфрақұрылымын дамыту;

ішкі тауар нарықтарының теңгерімділігін қамтамасыз ету.

Нақты макроэкономикалық бағдарлар, оның ішінде ақша-кредит саясатының бағдарлары, сондай-ақ тараптардың оларға қол жеткізу жөніндегі бірлескен іс-қимылдары Үкімет пен Ұлттық Банктің жыл сайынғы бірлескен мәлімдемелерінде айқындалатын болады.

Экономиканы ырықтандыру жағдайында қаржы жүйесінің орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыруды ескере отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ мыналарға:

қаржы институттарының орнықтылығы мен тұрақтылығын, қаржы секторы қызметтерінің сапасын және оларға қол жетімділікті арттыруға;

қаржы қызметтері нарығында бәсекені арттыру мақсатында қаржы секторын реттеу стандарттарын жақсартуға, оны одан әрі ырықтандыруға;

Ұлттық Банк, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі және Үкімет арасында қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша меморандум жасасуға;

Қазақстанның банк жүйесі тарапынан экономиканың перспективалық секторларына нарықтық ақталған қолдау көрсету үшін жағдай жасауға және өңірлік экономикалық жобаларда, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде банктік қатысуды күшейтуге;

Қазақстанның жиынтық сыртқы борышының оңтайлы мөлшерін ұстап тұру қажеттілігін ескере отырып, сыртқы қарыз алуды шектеу жөнінде қолданылатын шаралардың тиімділігі туралы мәселені қарауға;

тиімді жұмыс істейтін қаржы нарығын құруға және халықты өздерінің жинақтарын бағалы қағаздарға белсенді түрде инвестициялауға тартуға;

электрондық банктік қызметтердің инфрақұрылымын кеңейтуге байланысты болады.

Халықтың инвестициялық сауаттылығын арттыру коммуникация құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасының, ТМД мен Орталық Азия өңірі шеңберінде негізгі қаржы орталығы ретінде қалыптасуы қаржы секторының жекелеген сегменттерінің көшбасылық өңірлік ұстанымдарға қол жеткізуі есебінен мыналар:

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамыту және оның тиімді жұмыс істеуі;

ТМД мен Орталық Азиядағы неғұрлым өтімді және қол жетімді нарық ретінде Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын дамыту;

валюталардың негізгі түрлері бойынша Қазақстанда неғұрлым өтімді валюта нарығының қалыптасуы;

қазақстандық қаржы институттарының (банктердің, зейнетақы қорларының, сақтандыру компанияларының және басқа да қаржы институттарының) ТМД мен

Орталық Азия өңірінің қаржы ресурстарына қажеттілігін, сондай-ақ Қазақстандық кәсіпорындардың инвестициялары мен мүдделерін қолдауды, өңірлік нарықтарға жылжытуды қамтамасыз етуге қабілетті ірі өңірлік қаржы ұйымдары ретінде дамуы;

Қазақстанның қаржы секторының мынадай көрсеткіштер: тұрақтылық, орнықтылық , айқындылық, сондай-ақ қаржы өнімдерінің деңгейі, сапасы мен әртүрлілігі бойынша ТМД мен Орталық Азиядағы көшбасылық бойынша экономикалық жағынан дамыған елдердің стандарттарына қол жеткізуі арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Бұл ретте Қазақстанның алдағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жағдайында отандық қаржы институттарының орнықты ұстанымдар мен бәсекеге қабілеттілікті сақтауы маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

**Нәтижелері**

Қолданылатын шаралар:

инфляцияны жылына 5-7 % деңгейінде ұстауға;

отандық қаржы секторының даму деңгейін, оның орнықтылығын, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, бұл өз кезегінде Қазақстанның ТМД мен Орталық Азия өңірі шеңберінде негізгі қаржы орталығына айналуға мүмкіндік береді әрі тұтастай алғанда республика экономикасының дамуына оң әсер етеді;

халықтың инвестициялық сауаттылығы деңгейін арттыруға;

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының халықаралық қаржы нарығының Жаңа сегменті ретінде қалыптасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**4.2.3. Бәсекені дамыту, бәсекелі ортаны қорғау және табиғи монополиялардың қызметін тиімді реттеу**

**Мақсаты**

Еркін бәсекені одан әрі дамыту, табиғи монополиялардың қызметін реттеу.

**Міндеттері**

1. Еркін бәсекелі орта құру және нарықтың барлық субъектілеріне тең жағдай жасау .

2. Инвестицияларды активтерді жаңғыртуға және жаңартуға бағыттауды ынталандыратын табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің тиімді жүйесін қалыптастыру, олар ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру.

3. Бәсекені қорғау жүйесін жетілдіру.

**Шешу жолдары**

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін мыналар көзделеді:

тарифтік және техникалық реттеу функцияларын біріктіретін тәуелсіз салалық реттеуіштерді жасау жолымен реттеуші органдардың рөлін, функциялары мен құрылымын қайта қарау;

экономиканың инфрақұрылымдық салаларында, оның ішінде темір жол саласында, телекоммуникацияда және энергетикада монополияландыруды және келеңсіз экономикалық шоғырландыруды жою, осы салаларда бәсекені дамыту;

жаңа компаниялардың нарыққа, оның ішінде республикаішілік авиатасымалдар нарығына шығуын бөгейтін кедергілерді жою жөніндегі шараларды іске асыру;

үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің міндеттерін заңнамалық деңгейде белгілеу , ашық конкурстар өткізу жолымен монополиялық түрде сатылатын тауарлардың ( жұмыстардың және қызмет көрсетулердің) өзіндік құнына елеулі әсер ететін тауарларды (жұмыстарды және қызмет көрсетулерді) сатып алуды жүргізу;

ұлттық заңнамаға халықаралық стандарттарға сәйкес тексеріс жүргізу және оны жетілдіру;

монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін барабар шаралар мен айыппұл санкцияларын енгізу;

мұнай өнімдерінің айналымы және газбен жабдықтау, электр энергетикасы саласында халыққа коммуналдық қызметтер көрсету аясында бәсекені дамытуға келеңсіз әсер ететін артық делдал құрылымдарды алып тастау;

тауар биржаларының ашық және тиімді жұмыс істеуін, оларда сатылатын тауарлардың бағасын қалыптастырудың айқын тетігін, биржа саудасына қатысушылар арасында адал бәсекені қамтамасыз ететін "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясын қабылдау;

бәсекені қорғау жөніндегі мемлекеттік органды институционалдық күшейту;

қызметтерді тұтынушылардың бәріне кедергісіз және кемсітпейтін қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында табиғи монополиялар субъектілерінің желілері мен қызметтеріне қол жеткізуді ұсыну тәртібін қайта қарау;

табиғи монополиялар субъектілері персоналының санын және олардың шикізат, материалдар, отын, энергияның әр түрлі шығыстарын нормалау тәсілдерін қайта қарау;

мыналарды:

табиғи монополиялар субъектілерінің активтерін жаңғыртуға салынатын инвестициялық салымдарды ынталандыруға, олардың қызметтерінің тиімділігі мен сапасын арттыруға, менеджментті және қызмет көрсеткіштерін жақсартуға;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерді көрсету шығындарын және технологияларын ұтымды етуге;

табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін нормативтік техникалық шығындарының деңгейлерін төмендетуге бағытталған нормативтік құқықтық актілер әзірлеу.

**Нәтижелері**

Республиканың тауар нарықтарында еркін және адал бәсекені дамыту, нарықтарды монополияландыру дәрежесін төмендету, бәсеке үшін тең жағдай жасау, табиғи монополиялар салаларын қысқарту, реттелетін тауарларға (жұмыстар мен қызметтер көрсетуге) бағаны қалыптастыру тетігінің айқындылығын қамтамасыз ету.

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің тарифтер деңгейінің айқындылығын, негізділігін және алдын ала белгілі болуын, табиғи монополиялар

субъектілерінің негізгі өндірістік қорларын жаңартуға және жаңғыртуға инвестициялардың жұмыс істеу тиімділігін арттыруды және оларды өсіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кешенді жүйесі қалыптастырылатын болады.

**4.2.4. Бизнестік ортаны дамыту және кәсіпкерлікті қолдау**

**Мақсаты**

Кәсіпкерлікті тиімді дамыту үшін заңнамалық және институционалдық сипатта қолайлы жағдай жасау, әкімшілік кедергілерді одан әрі қысқарту, шағын және орта бизнесті, оның ішінде мемлекеттік холдингтердің қолдауы.

**Міндеттері**

1. Бизнесті дамытуды бөгейтін әкімшілік кедергілерді жою.
2. Бизнес ахуалды жақсарту.
3. Шағын және орта бизнесті мемлекеттік холдингтермен ынтымақтастыққа тарту үшін ынталық туғызу.

**Шешу жолдары**

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін мыналар көзделеді:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің есептілігін оңайлату;

жаңа кәсіпорындар мен компаниялар құру процесін жетілдіру, оның ішінде фирманы тіркеудің мерзімін 2-3 күнге дейін қысқарту;

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , оның ішінде"бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі"ұғымын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

қайталауды жою және рұқсат беру рәсімдері мен тексерулерді қысқарту;

лицензиялау, келісу, сертификаттау, стандарттау, аккредиттеу және аттестаттау рәсімдерін оңайлату;

аудиторлық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру;

кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру және бизнестің"көлеңкеден" одан әрі шығуы үшін салық заңнамасын жетілдіру;

кеден заңнамасына экспорттық және импорттық рәсімдерді оңайлату бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

елдің шағын қаржы секторын дамыту;

Қазақстанның барлық өңірлерінде инфрақұрылым объектілерінің қызметін жақсарту және кеңейту жолымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне консалтингтік және үйретуші қызметтер көрсету;

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ның кредит беруінің жаңа өнімдерін әзірлеу, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін ұзақ мерзімді кредит беруді енгізу;

мемлекеттік холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компанияларға тән емес функцияларды шағын және орта бизнеске беру (аутсорсинг);

мемлекеттік холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың тапсырыстарын Қазақстанның шағын және орта бизнес кәсіпорындары арасында орналастыруды қамтамасыз ету.

**Нәтижелері**

Дүниежүзілік Банктің (Doing Busines) өлшемдеріне сәйкес бизнесті жүргізу жеңілдігі рейтингінің мынадай индикаторлары жақсартылатын болады: бизнес ашу, лицензиялау, меншікті тіркеу, салықтар төлеу, халықаралық сауданы жүргізу, компанияны жабу. Нәтижесінде Қазақстанның жалпы рейтингі 2006 жылы 63-орыннан 2007 жылы 58-ге, 2008 жылы 53-ке және 2009 жылы 48-ге дейін жоғарылайтын болады.

**4.2.5. Мемлекеттік меншікті тиімді басқару**

**Мақсаты**

Корпоративтік басқару принциптерін енгізу арқылы мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру.

**Міндеттері**

1. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқару принциптерін енгізу.
2. Мемлекеттік меншікті оңтайландыру.

**Шешу жолдары**

Мемлекеттік холдингтер мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарда олардың жұмыс нәтижелерін бағалау, тәуелсіз директорлар институтын және корпоративтік басқарудың басқа да принциптерін енгізу жолымен корпоративтік басқару жүйесін жетілдіретін болады.

Мемлекеттік холдингтерді тиімді басқаруды ұйымдастыру, олардың қызметін бақылау және олардың қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар енгізілетін, мемлекеттік холдингтерді дамыту тұжырымдамалары бекітілетін болады, мұның негізінде оларды дамыту стратегиялары қабылданады.

Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар және олардың еншілес (тәуелді) ұйымдары үшін Корпоративтік басқарудың үлгі кодексі бекітілетін болады.

Мемлекеттік меншікті оңтайландыру үшін мемлекеттік меншікті басқару саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған шаралар кезең-кезеңімен қабылданатын болады. Заңнамалық актілерге мемлекеттік кәсіпорындар қызметі салаларына және стратегиялық объектілерге байланысты мәселелерді реттеуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар дайындалатын болады.

Мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті және мемлекеттік холдингтердің, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталына және бәсекелі ортаға беруге ұсынылатын мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) және мемлекеттік кәсіпорындардың тізбелері айқындалатын болады.

**Нәтижелері**

Мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру және мемлекетке тиесілі активтердің құнын ұлғайту.

**4.3. Орнықты дамуға көшу, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және адами капиталды дамыту**

**4.3.1. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау**

**Мақсаты**

Халықтың өмір сүру сапасын арттырудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерінің теңгерімі негізінде орнықты дамуға және қоршаған ортаны қорғауға көшу үшін жағдай жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану.

**Міндеттері**

1. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлауға орнықты даму принциптерін енгізудің тиімді тетігін жасау.

2. Табиғи ресурстарды, оның ішінде су, орман, балық ресурстарын, жануарлар әлемін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, жаңартылатын энергия көздерін орнықты және ұтымды пайдалану үшін жағдай жасау.

3. Нысаналы көрсеткіштер мен квоталарды белгілеу, Экологиялық кодекстің ережелерін іске асыру, экологиялық-экономикалық ынталандыруды енгізу есебінен қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету.

4. Экология (жердің тозуы, биологиялық әртүрлілік және басқалар) және климатты сақтау мәселелерінде трансшекаралық және халықаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуде Қазақстанның рөлін жандандыру.

5. Ең жаңа экологиялық таза технологияларды пайдалана отырып, өндірістер құруды немесе қазіргі кәсіпорындарды қайта жаңартуды ынталандыратын тиімді тетіктерді қалыптастыру және стратегиялық су ресурстарын қорғау саласында халықаралық стандарттарды енгізу, халықты ауыз сумен қажетті мөлшерде және кепілдік беретін сапада орнықты қамтамасыз етуге қол жеткізу.

**Шешу жолдары**

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлауға орнықты даму принциптерін енгізудің тиімді тетігін жасау үшін мыналар жүзеге асырылатын болады:

дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторларының теңгерімін қамтамасыз етуге, республиканың жекелеген өңірлерінің өткір экологиялық проблемаларын шешуге мүмкіндік беретін экологиялық орнықтылық индексі бойынша Қазақстан Республикасының әлемдегі барынша дамыған елу елдің қатарына кіруін қамтамасыз ету мақсатында кешенді экологиялық саясат жүргізу жөніндегі шаралар;

елдің салалары мен өңірлері үшін орнықты дамудың нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу және бекіту, бағдарламалық құжаттардың орнықты даму принциптеріне сәйкестігіне сараптама жүргізу.

Су, орман, балық ресурстарын, өсімдіктер мен жануарлар әлемін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, жаңартылатын энергия көздерін орнықты және ұтымды пайдалануға жағдай жасау үшін мыналар жүзеге асырылатын болады:

